

B8

PHILIPS

Fidelio

SkyQuake

Soundbar speaker
with Dolby Atmos®

Қолданушының нұсқасы



Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2	6 Қабырғаға орнату	18
Қауіпсіздік	2		
Өнім күтімі	3	7 Өнім сипаттамалары	18
Қоршаған ортаны күту	3		
Сәйкестік	4		
Анықтама және қолдау	4	8 Ақаулықтарды жою	20
2 Сіздің өніміңіз	4		
Негізгі бөлік	4		
Қашықтан басқару пульті	5		
Қосқыштар	6		
Сымсыз сабуфер	6		
3 Қосу	7		
Орналастыру	7		
Сабуфермен жұптау	8		
Теледидардан аудионы қосу	8		
Басқа құрылғылардан аудионы қосу	9		
Сандық құрылғыларды HDMI арқылы жалғау	10		
4 Өніміңізді пайдалану	11		
Сағатты орнату	11		
Автоматты күту режимі	12		
Дыбыс деңгейін реттеу	12		
Dolby Atmos®	12		
Дыбысты таңдау	13		
Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату	14		
NFC арқылы Bluetooth қосу	15		
MP3 ойнатқышы	15		
USB жад құрылғылары	15		
Дисплей жарықтығын орнату	16		
Зауыттық параметрлерді қолдану	16		
5 Бағдарламалық құралды жаңарту	17		
Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру	17		
Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту	17		

1 Маңызды ақпарат

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Егер нұсқауларды сақтамаудан зақым келсе, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.
- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жанбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдаланбастан бұрын оны тексеріп алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.

- Өнімді тропиктік және/немесе қоңыржай климатта пайдаланыңыз.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе төменгі жағындағы түр тақтасында көріңіз.
- Өнімді розеткаға қоспай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.

Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!

- Қабырғаға орнату үшін бұл өнім қабырғаға орнату нұсқауларына сай мықтап бекітілуі тиіс. Тек берілген қабырғаға орнату кронштейнін пайдаланыңыз (қолжетімді болса). Қабырғаға дұрыс емес орнату сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Қандай да бір сұрағыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.
- Осы өнімнің бөлшектері әйнектен жасалуы мүмкін. Жарақат алмас үшін және зақымданбас үшін абайлап ұстаңыз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз. Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделер немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ластану қауіпі!

- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртек және сілті, т.б.).
- Батареяны қайта қате салса, жарылыс қауіпі туындайды. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареялардың заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.

Батареяларды жұтып қою қауіпі бар!

- Өнімде/қашықтан басқару құрылғысында жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қауіпі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.

~

Айнымалы ток кернеуі



Пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерін ғана пайдаланыңыз.



Өнім күтімі

Өнімді тек ұсақ талшықты шүберектермен тазалаңыз.

Қоршаған ортаны күту

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EU еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық бұйымдар мен батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесінің ережелерімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдар мен батареяларды қалыпты

тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Лақтыруға болатын батареяларды тастау

Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қараңыз.

Сәйкестік

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуға болады.

Анықтама және қолдау

Кеңейтілген онлайн қолдауын алу үшін келесі www.philips.com/support торабына кіріңіз:


- пайдаланушы нұсқаулығы мен жылдам бастау нұсқаулығын жүктеп алу;
 - бейне материалдарды қарау (тек кейбір үлгілер үшін қол жетімді);
 - жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауаптарды табу;
 - электрондық пошта арқылы бізге сұрақ жіберу;
 - қолдау көрсетуші өкілдермен сөйлесу.
- Тілді таңдап, өніміңіздің үлгі нөмірін енгізу үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз. Сонымен қатар, еліңіздегі тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласуыңызға да болады. Хабарласу алдында, өнімнің моделі мен сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл ақпаратты өнімнің артқы немесе астыңғы жағынан таба аласыз.

2 Сіздің өніміңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың артықшылығын (мысалы, өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту туралы хабарландыру) толығымен пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome бетінде тіркеніз.

Негізгі бөлік

Бұл бөлімде негізгі құрылғыға шолу жасалады.



1. **⏻**
 - Бұл өнімді қосыңыз немесе күту режиміне ауыстырыңыз.
 - Бұл өнім күту режимінде кезде, күту режимінің көрсеткіші қызыл түске айналады.
2. **⏮**

Осы өнім үшін кіріс көзін таңдаңыз.
3. **+/- (Дауысы)**


Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
4. **Дисплейлі панель**

⑤ NFC тегі

Bluetooth байланысын орнату үшін тегтері NFC қосылған құрылғыны түртіңіз.

Қашықтан басқару пульті

Бұл бөлімде қашықтан басқару құралына шолу жасалады.



①

Бұл өнімді қосыңыз немесе күту режиміне ауыстырыңыз.

② Негізді ашу түймелері

- **HDMI ARC:** көзді HDMI ARC қосылымына ауыстыру.

- **HDMI 1:** көзді HDMI IN 1 қосылымына ауыстыру.
- **HDMI 2:** көзді HDMI IN 2 қосылымына ауыстыру.
- **COAX:** Дыбыс көзін коаксиалды қосылымға ауыстыру.
- **OPTICAL:** Дыбыс көзін оптикалық қосылымға ауыстыру.
- **AUDIO IN:** аудио көзін AUX немесе AUDIO IN қосылымы арасында ауыстырып қосу (3,5 мм ұя).
- **USB:** USB режиміне ауыстыру.
- : Bluetooth режиміне ауыстыру.
- : Осы өнім үшін кіріс көзін таңдаңыз.

③

USB және Bluetooth режимдерінде алдыңғы немесе келесі трекке өту.

④

USB және Bluetooth режимдерінде бастау, кідірту немесе жалғастыру.

⑤ BASS +/-

Негізгі құрылғыдағы басс деңгейін көтеру немесе төмендету.

⑥ Дауыс реттеуші

- **+/-:** Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- : Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

⑦ Дыбыс режимін басқару

SMART: Бейнеге немесе музыкаға сәйкестендіру үшін алдын ала анықталған дыбыс режимін автоматты түрде таңдау.
MUSIC: Стерео дыбыс режимін таңдау.
VOICE: Дауыс тазалығы дыбыс режимін таңдау.
MOVIE: Қоршаған дыбыс режимін таңдау.

⑧ HEIGHT +/-

Dolby Atmos үшін биіктік әсерінің деңгейін таңдаңыз.

⑨ AUDIO SYNC +/-


Дыбыс кідірісін көбейту немесе азайту.

- ⑩ **NIGHT**
Түн режимін қосу немесе өшіру.
- ⑪ **DIM**
Осы өнім үшін дисплей тақтасының жарықтығын орнату.
- ⑫ 
Сағатты орнату немесе шығару.
- ⑬ **TREBLE +/-**
Increase or decrease treble.
- ⑭ **TREBLE +/-**
Негізгі құрылғыдағы жоғарғы жиілік деңгейін көтеру немесе төмендету.

- ⑤ **AUDIO IN**
AUDIO IN немесе AUX көзі арқылы құрылғыдағы аудио шығысына жалғаңыз (қашықтан басқару құралындағы **AUDIO IN** түймесін қайта-қайта басыңыз).
- ⑥ **OPTICAL IN**
Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы оптикалық дыбыс шығу ұясына жалғау.
- ⑦ **COAXIAL IN**
Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы коаксиальді дыбыс шығу ұясына жалғау.

Қосқыштар


Бұл бөлімде осы өнімде қол жетімді қосқыштарға шолу жасалады.



- ① **HDMI OUT (ARC) - TO TV**
Теледидардағы HDMI кіріс ұясына жалғау.
- ② **HDMI IN1 / HDMI IN2**
Сандық құрылғыдағы HDMI шығыс ұясына жалғау.
- ③ **USB**
- Аудио мультимедиасын ойнату үшін USB жад құрылғысына қосыңыз.
 - Осы өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту.
- ④ **DC IN**
Қуат көзіне жалғау.

Сымсыз сабвуфер

Бұл өніммен бірге сымсыз сабвуфер беріледі.



- ① **CONNECT (жалғау)**
Сабвуфердің жұптау режиміне өту үшін басыңыз.
- ② **Сабвуфер көрсеткіші**
- Қуат қосылған кезде, көрсеткіш жанады.
 - Сабвуфер мен негізгі құрылғы арасында сымсыз жұптау кезінде

көрсеткіш ақ болып жылдам жыпылықтайды.

- Жұптау сәтті аяқталғанда, көрсеткіш ақ болып жанады.
- Жұптау сәтсіз болғанда, көрсеткіш ақ болып жай жыпылықтайды.
- Сымсыз байланыс 1 минут ажыратылғанда, көрсеткіш өшеді.

③ AC MAINS~

Қуат көзіне жалғау.

3 Қосу

Бұл бөлім осы өнімді теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға көмектеседі.

Бұл өнім мен қосалқы құралдардың негізгі қосылымдары туралы ақпарат алу үшін жылдам бастау нұсқаулығын қараңыз.




Ескертпе

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе төменгі жағындағы түр тақтасында көріңіз.
- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.

Орналастыру

Сабвуферді негізгі құрылғыдан кемінде 1 метр және қабырғадан 10 сантиметр қашықтықта қойыңыз.

Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін сабвуферді төмендегідей орналастырыңыз.



Сабвуфермен жұптау

Негізгі құрылғы мен сабвуферді қосқанда, сымсыз қосылым үшін сымсыз сабвуфер негізгі құрылғымен автоматты түрде жұптасады. Егер сымсыз сабвуферден дыбыс естілмесе, сабвуферді қолмен жұптастырыңыз.

1 Негізгі құрылғы мен сабвуферді қосыңыз.
↳ Негізгі құрылғымен байланыс жоғалса, сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жай жыпылықтайды.

2 Жұптастыру режиміне өту үшін сабвуфердегі **CONNECT (жалғау)** түймесін басыңыз.
↳ Сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жылдам жыпылықтайды.

3 HDMI ARC режимінде (**HDMI ARC** түймесін басыңыз) алты секунд ішінде қашықтан басқару құралындағы **Дыбыс деңгейі +** түймесін бір рет басыңыз, содан кейін **BASS +** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Жұптау сәтті аяқталса, сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жанады.
↳ Жұптау сәтсіз болса, сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жай жыпылықтайды.

4 Жұптау сәтсіз болса, жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

Ескертпе

- Егер сымсыз ажырату немесе жұптау 1 минут жалғасса, сабвуфер автоматты түрде күту режиміне өтіп, сабвуфердегі ЖШД өшеді.

Теледидардан аудионы қосу

Бұл өнімді теледидарға қосыңыз. Бұл өнімнің динамиктері арқылы теледидар бағдарламаларының аудиосын тыңдауыңызға болады.


1-опция: HDMI (ARC) арқылы теледидарға жалғау

Ең жақсы сапалы дыбыс

Бұл өнім Дыбысты қайтару арнасы (ARC) мүмкіндігі бар HDMI көзін қолдайды. ARC мүмкіндігімен теледидар аудиосын осы өнім арқылы бір HDMI кабелі көмегімен естуге болады.

Қажетті әрекеттер

- Жоғары жылдамдықты HDMI кабелі.
- Теледидар HDMI ARC және HDMI-CEC параметрін қолдайды (толығырақ теледидардың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).
- Кейбір теледидар модельдері үшін теледидардың реттеу мәзірінен сыртқы динамик шығысын қосыңыз (толығырақ теледидардың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).



1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып, осы өнімдегі **HDMI OUT (ARC)** қосқышын теледидардағы **HDMI ARC** қосқышына қосыңыз.

- Теледидардың **HDMI ARC** қосқышының белгісі басқа болуы мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

2 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз.

- Теледидардағы HDMI-CEC параметрлеріне қатысты ақаулар туралы ақпаратты алу мақсатында HDMI-CEC реттеуі дұрыс екенін тексеру үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз немесе қажет болса, теледидар өндірушісіне хабарласыңыз.


- 3 HDMI ARC қосылымын қосу үшін осы өнімнің қашықтан басқару құралындағы **HDMI ARC** түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Барлық HDMI-CEC құрылғыларымен 100% үйлесімділікке кепілдік берілмейді.
- Теледидар HDMI ARC көзімен үйлесімді болмаса, теледидар дыбысын осы өнім арқылы есту үшін аудио кабельді жалғаңыз.

2-опция: теледидарға оптикалық кабель арқылы қосу


Ең жақсы сапалы дыбыс



- 1 Оптикалық кабель арқылы осы өнімдегі **OPTICAL** қосқышын теледидардағы оптикалық шығыс көзіне қосыңыз.
- Теледидардағы цифрлық оптикалық шығыс көзі **OPTICAL OUT, SPDIF** немесе **SPDIF OUT** белгісімен белгіленуі мүмкін.
- 2 Оптикалық қосылымды қосу үшін осы өнімнің қашықтан басқару құралындағы **OPTICAL** түймесін басыңыз.

3-опция: теледидарды коаксиалды кабель арқылы қосу


Ең жақсы сапалы дыбыс



- 1 Коаксиалды кабель арқылы осы өнімдегі **COAXIAL** қосқышын теледидардағы коаксиалды шығыс көзіне қосыңыз.
- Теледидардағы цифрлық коаксиалды шығыс көзі **COAXIAL/DIGITAL OUT** немесе **DIGITAL AUDIO OUT** белгісімен белгіленуі мүмкін.
- 2 Коаксиалды қосылымды қосу үшін осы өнімнің қашықтан басқару құралындағы **COAX** түймесін басыңыз.

4-опция: теледидарға аналогтық аудио кабельдері арқылы жалғау

Қарапайым сапалы дыбыс




- 1 Осы өнімдегі **AUDIO IN** (3,5 мм ұя) қосқыштарын теледидардағы аналогтық аудио шығысына (қызыл және ақ) аналогтық кабельмен жалғаңыз.
- Сыртқы құрылғыдағы аналогтық аудио шығыс көзі **AUDIO OUT** белгісімен белгіленуі мүмкін.
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **AUDIO IN** түймесін дисплей панелінде **AUX** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

Басқа құрылғылардан аудионы қосу

Сондай-ақ, аудионы басқа құрылғылардан осы өнімнің динамигі арқылы ойнатуға болады.

1-опция: басқа құрылғыға оптикалық кабель арқылы қосу


Ең жақсы сапалы дыбыс



- 1 Оптикалық кабель арқылы осы өнімдегі **OPTICAL** қосқышын сыртқы құрылғыдағы оптикалық шығыс көзіне қосыңыз.
 - Сыртқы құрылғыдағы цифрлық оптикалық шығыс көзі **OPTICAL OUT**, **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** белгісімен белгіленуі мүмкін.
- 2 Оптикалық қосылымды қосу үшін осы өнімнің қашықтан басқару құралындағы **OPTICAL** түймесін басыңыз.

2-опция: басқа құрылғыға коаксиалды кабель арқылы қосу

Ең жақсы сапалы дыбыс




- 1 Коаксиалды кабель арқылы осы өнімдегі **COAXIAL** қосқышын сыртқы құрылғыдағы коаксиалды шығыс көзіне қосыңыз.
 - Сыртқы құрылғыдағы цифрлық коаксиалды шығыс көзі **COAXIAL/DIGITAL OUT** немесе **DIGITAL AUDIO OUT** белгісімен белгіленуі мүмкін.

- 2 Коаксиалды қосылымды қосу үшін осы өнімнің қашықтан басқару құралындағы **COAX** түймесін басыңыз.

3-опция: басқа құрылғыға аналогтық аудио кабельдері арқылы жалғау

Қарапайым сапалы дыбыс



- 1 Осы өнімдегі **AUDIO IN** (3,5 мм ұя) қосқыштарын сыртқы құрылғыдағы аналогтық аудио шығысына (қызыл және ақ) аналогтық кабельмен жалғаңыз.
 - Сыртқы құрылғыдағы аналогтық аудио шығыс көзі **AUDIO OUT** белгісімен белгіленуі мүмкін.
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **AUDIO IN** түймесін дисплей панелінде **AUX** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

Сандық құрылғыларды HDMI арқылы жалғау

Телеприставка, DVD/Blu-ray ойнатқышы немесе ойын консолі сияқты сандық құрылғыны осы өнімге бір HDMI жалғау жүйесі арқылы қосыңыз. Құрылғыларды осылайша жалғағанда және файлды немесе ойынды ойнатқанда,

- теледидарда бейне көрсетіледі және
- бұл өнімде дыбыс автоматты түрде шығады.

- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып сандық құрылғыдағы **HDMI**

OUT қосқышын осы өнімдегі HDMI IN 1/2 қосқышына қосыңыз.

- 2 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып, осы өнімдегі HDMI OUT (ARC) қосқышын теледидардағы HDMI қосқышына қосыңыз.

- Теледидарда және қосылған құрылғыда HDMI-CEC басқару элементтерін қосыңыз (қолжетімді болса). Мәліметтерді теледидардың және құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

- 3 HDMI IN қосылымын қосу үшін осы өнімнің қашықтан басқару құралындағы HDMI 1/2 түймесін басыңыз.

- Егер ТД HDMI CEC үйлесімді болмаса, теледидарды дұрыс бейне кірісін таңдаңыз.

4 Өніміңізді пайдалану

Бұл бөлім көздердің кең ауқымынан мультимедианы ойнату үшін осы өнімді пайдалануға көмектеседі.

Бастау алдында

- Қысқаша бастау нұсқаулығында және пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз.
- Бұл өнімді басқа құрылғыларға арналған дұрыс көзге ауыстырыңыз.

Сағатты орнату

Сағат параметрінде күту режимінің түрін таңдауға болады (Сағат көрсетілмейтін ECO күту режимі немесе сағат көрсетілетін қалыпты күту режимі).

- 1 Өнімді күту режиміне ауыстырыңыз (⏻ басыңыз).
→ --:-- (немесе сағат) көрсетіледі.
- 2 Сағат параметрлері режимін қосу үшін ⏻ түймесін басып тұрыңыз.
→ --:-- жыпылықтайды.
- 3 12 немесе 24 сағаттық пішімді таңдау үшін, **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басып, одан кейін растау үшін ⏻ түймесін басыңыз.
 - 12 сағаттық пішім таңдалса, онда дисплей үшін «AM» немесе «PM» параметрін таңдаңыз.→ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты орнату үшін **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басып, одан кейін растау үшін ⏻ түймесін басыңыз.
→ Минут сандары жыпылықтай бастайды.

- 5 Минутты орнату үшін **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басып, одан кейін растау үшін **⌂** түймесін басыңыз.
↳ ECO жыпылықтай бастайды.
- 6 «ECO» немесе «CLOCK» режимін таңдау үшін, **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басып, растау үшін, **⌂** басыңыз.
↳ «ECO» режимін таңдасаңыз, күту режимінде сағат 1 минут көрсетіліп, содан кейін дисплей өшеді.
↳ «CLOCK» режимі таңдалса, күту режимінде сағат әрқашан көрсетіледі.

Сағат көрсету

- 1 ECO күту немесе жұмыс режимінде **⌂** басыңыз.
↳ ECO күту режимінде сағат 1 минут көрсетіліп, содан соң дисплей өшіріледі.
↳ Жұмыс режимінде сағат 5 секунд көрсетіліп, дисплей ағымдағы алғашқы ақпаратқа ауысады.



Ескертпе

- Ауыспалы ток қуаты ажыратылса сағат уақыты тек 24 сағат жасайды.
- Шектік бөлме температурасы сағат дәлдігіне әсер етеді.

Автоматты күту режимі


Жалғанған құрылғыдағы мультимедианы ойнатқанда, 15 минут бойы ешбір түйме басылмаса және жалғанған құрылғыдан дыбыс/бейне ойнатылмаса, бұл өнім күту режиміне автоматты түрде өтеді.

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету үшін **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.
- Дыбысты өшіру үшін, **✖** түймесін басыңыз.
 - Дыбысты қалпына келтіру үшін, **✖** түймесін қайтадан басыңыз немесе **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.

Dolby Atmos®

5-арналы дыбыстың көлденең таратылуымен қатар, бұл өнімде 3D дыбысы мен шынайылық әсерін беру мақсатында дыбысты ауамен тарату үшін қосымша дыбыс арналары ретінде Dolby Atmos динамиктері орнатылған.



Dolby Atmos дыбысы үшін оңтайлы орнату

- Бұл өнімді 0,7-0,8 м биіктікке қойыңыз.
- Еденнен төбеге дейінгі биіктік: 2,8-3 м.
- Бұл өнімнен есту қашықтығы: 2-3 м.
- Төбе дыбыс жұтатын материалдан жасалмайды.
- Төбеден ешқандай заттар шығып тұрмағаны жөн (мысалы, жарық немесе декорация).

Үздік Dolby Atmos әсерін келесі екі пайдалану жолымен алуға болады.

Blu-ray диск ойнатқышынан:

- Dolby Atmos дыбысымен фильм қарау.
- Blu-ray диск ойнатқышы осы өнімге **HDMI IN 1/2** коннекторы арқылы жалғанады.
- Blu-ray диск ойнатқышында, HDMI дыбыс шығысы үшін сандық ағын/түрлендірілмеген дыбыс пішімін іске қосыңыз.
- Жылдамдығы жоғары HDMI кабелі.

Теледидардан:

- Dolby Atmos дыбысымен фильм қарау.
- Теледидар Dolby Atmos сандық ағын/түрлендірілмеген дыбыс шығысына қолдау көрсетеді.
- Теледидар осы өнімге **HDMI ARC** коннекторы арқылы жалғанады.
- Жылдамдығы жоғары HDMI кабелі.



Ескертпе

- Blu-ray диск ойнатқышын осы өнімге **HDMI IN 1/2** коннекторы арқылы жалғау бойынша толық ақпаратты пайдаланушы нұсқаулығындағы «Байланысу» > «HDMI арқылы сандық құрылғыларды қосу» бөлімінен қараңыз.

Dolby Atmos дыбысынан ләззат алыңыз

- 1 Ортаңызға қарай жеке талғамыңыз бойынша ауқымды дыбыс деңгейін таңдау үшін **HEIGHT +/-** түймесін басыңыз.
 - **OFF:** биіктіксіз әсер.
 - **HEIGHT LOW:** биіктік төмен әсер.
 - **HEIGHT MEDIUM:** орташа биіктік әсері.
 - **HEIGHT HIGH:** жоғары биіктік әсері.



Ескертпе

- HDMI емес коннекторлары (мысалы, USB, Bluetooth, OPTICAL және COAXIAL) үшін шектеулі ауқым әсері шығарылады.

Дыбысты таңдау

Бұл бөлім бейне немесе музыка үшін тамаша дыбысты таңдауға көмектеседі.

Дыбыс режимі

Бейнеге немесе музыкаға сай алдын ала анықталған дыбыс режимдерін таңдаңыз.

- Көлемдік тыңдау тәжірибесін жасау үшін **MOVIE** түймесін басыңыз. Фильм көруге ыңғайлы.
- Екі арналы немесе бірнеше арналы стерео жасау үшін **MUSIC** түймесін басыңыз. Музыканы тыңдау үшін тамаша.
- Адам дауысын тыңдау үшін анығырақ және ерекше ететін дыбыс әсерін жасау мақсатында **VOICE** түймесін басыңыз.
- Дыбыс өнімділігін оңтайландыру үшін кіріс дыбысының мазмұнына негіздеп алдын ала анықталған дыбыс режимін (**MOVIE**, **MUSIC** немесе **VOICE**) автоматты түрде таңдау үшін **SMART** түймесін басыңыз.

Эквалайзер

Бұл өнімнің жоғарғы жиілік (жоғарғы дыбыс жиілігі) және төменгі жиілік (басс) параметрлерін өзгертіңіз.

- 1 Жиілікті өзгерту үшін **TREBLE +/-** немесе **BASS +/-** түймесін басыңыз.

Бейне мен дыбысты синхрондау

Егер дыбыс пен бейне синхрондалмаған болса, дыбысты бейнеге сай болатындай кідіртiңiз.

- 1 Дыбысты бейнемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.

Авто дыбыс деңгейі

Басқа көзге ауысқанда дыбыс деңгейін тұрақты сақтау үшін автоматты дыбыс деңгейін қосыңыз.

Сондай-ақ, ол тыныш қойылымдар үшін дыбыс деңгейін жоғарылатып, ал қатты дыбысты қойылымдар үшін дыбыс деңгейін төмендетіп, дыбыс динамикасын қысады.

1 Автоматты дыбыс деңгейін қосу немесе өшіру үшін **AUTO VOL.** түймесін басыңыз.

↳ Автоматты дыбыс деңгейі қосылған кезде, дисплей панелінде **ON AUTO VOLUME** бір рет айналады.

↳ Автоматты дыбыс деңгейі өшкен кезде, дисплей панелінде **OFF AUTO VOLUME** бір рет айналады.

Түн режимі

Ақырын тыңдау үшін түнгі режим дыбыс ойнатылған кезде қатты дыбыстардың деңгейін төмендетеді. Түн режимі тек Dolby Digital динамиктері үшін қол жетімді.

1 Түн режимін қосу немесе өшіру үшін **NIGHT** түймесін басыңыз.

- Түн режимі қосылғанда дисплейде **ON NIGHT** белгішесі дисплей панелінде бір рет айналады.
- Түн режимі өшірілгенде дисплейде **OFF NIGHT** белгішесі дисплей панелінде бір рет айналады.



Ескертпе

- Автоматты дыбыс деңгейін қоссаңыз, түн режимі (белсендірілген болса) автоматты түрде өшеді және керісінше.

Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату

Bluetooth арқылы осы өнімді Bluetooth құрылғысымен (iPad, iPhone, iPod touch, Android телефоны немесе ноутбук сияқты) қосыңыз, сонда құрылғыда сақталған

дыбыстық файлдарды осы өнімнің динамиктері арқылы тыңдай аласыз.

Қажетті әрекеттер

- A2DP, AVRCP Bluetooth профилін қолдайтын және 3.0 Bluetooth нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысының арасындағы ең үлкен жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).

1 Бұл өнімді Bluetooth режиміне ауыстыру үшін қашықтан басқару құралындағы **BT** түймесін басыңыз.

↳ **BT** дисплей панелінде жыпылықтап көрсетіледі.

2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз, қосылымды бастау үшін іздеп, **Fidelio B8** параметрін таңдаңыз (Bluetooth функциясын қосу жолы туралы Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).

↳ Қосылу барысында дисплей панеліндегі **BT** жыпылықтайды.

3 Осы өнім дыбыстық сигнал шығарғанша күтіңіз.

↳ Bluetooth қосылымы сәтті орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** көрсетіледі.

↳ Қосылым сәтсіз орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** үздіксіз жыпылықтайды.

4 Bluetooth құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.

- Ойнату кезінде қоңырау қабылданса, музыка ойнату уақытша тоқтатылады.
- Егер Bluetooth құрылғысы AVRCP профилін қолдайтын болса, әуенді өткізу үшін қашықтан басқару құралындағы **◀ / ▶** түймесін басыңыз немесе ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін **▶ ||** түймесін басыңыз.

- 5 Bluetooth құрылғысынан шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.
- Bluetooth режиміне қайта ауысқанда Bluetooth қосылымы белсенді болып қалады.

Ескертпе

- Музыка ағыны құрылғы мен осы өнім арасындағы қабырға, құрылғыны жабатын металл корпус немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін жақын жердегі басқа құрылғылар сияқты кедергілерден үзілуі мүмкін.
- Осы өнімді басқа бір Bluetooth құрылғысына жалғағыңыз келсе, ағымдағы жалғанған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін, қашықтан басқару құралындағы **8** түймесін басып тұрыңыз.

NFC арқылы Bluetooth қосу

NFC (жақын арадағы байланыс) мобильді телефондары сияқты NFC-қосылған құрылғылары арасындағы қысқа ауқымды сымсыз байланысты іске қосатын технология болып табылады.

Қажетті әрекеттер

- NFC функциясы бар Bluetooth құрылғысы.
 - Жұптастыру үшін осы өнімнің NFC тегіндегі NFC құрылғысын түртіңіз.
- 1 Bluetooth құрылғысындағы NFC іске қосыңыз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
 - 2 NFC құрылғысын осы өнімнің NFC тегіне осы өнім дыбыстық сигнал шығарғанша тигізіңіз.
 - ↳ Bluetooth қосылымы сәтті орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** көрсетіледі.
 - ↳ Қосылым сәтсіз орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** үздіксіз жыпылықтайды.

- 3 NFC құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.
- Қосылымды үзу үшін осы өнімдегі **NFC** тегіне NFC құрылғысын қайта тигізіңіз.

MP3 ойнатқышы

Дыбыстық файлдарды немесе музыканы ойнату үшін MP3 ойнатқышын қосыңыз.

Қажетті әрекеттер

- MP3 ойнатқышы.
 - 3,5 мм стерео дыбыстық кабелі.
- 1 3,5 мм стерео дыбыстық кабелін пайдаланып MP3 ойнатқышын осы өнімдегі **AUDIO IN** қосқышына қосыңыз.
 - 2 Қашықтан басқару құралындағы **AUDIO IN** түймесін дисплей панелінде **AUDIO IN** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.
 - 3 Дыбыстық файлдарды немесе музыканы таңдау және ойнату үшін MP3 ойнатқышындағы түймелерді басыңыз.

USB жад құрылғылары

MP3 ойнатқышы және USB флэш жады, т.б. сияқты USB сақтау құрылғысындағы дыбысты тыңдаңыз.

Қажетті әрекеттер

- FAT16 немесе FAT32 файлдық жүйелерімен пішімделген және көлемдік жад сыныбына үйлесімді USB жад құрылғысы.
 - USB сақтау құрылғысындағы MP3 файлы
- 1 USB жад құрылғысын осы өнімге қосыңыз.
 - 2 Қашықтан басқару құралындағы **USB** түймесін басыңыз.

- 3 Ойнатуды басқару үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.
- Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру үшін ►|| түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы немесе келесі жолға өту үшін ◀ / ▶ түймесін басыңыз.
 - USB құрылғысы ойнатылып жатқанда төмендегі ойнату режимдерінің бірін таңдау үшін **USB** түймесін басыңыз.
 - **ALL RPT**: бір қалтадағы барлық жолдарды қайталау.
 - **OFF RPT**: қайталау режимі өшірілген.

Ескертпе

- USB сақтау құрылғысын 32 ГБ-қа дейін қолдау.
- Бұл өнім USB сақтау құрылғысының белгілі бір түрлерімен үйлесімді болмауы мүмкін.
- USB ұзарту кабелін пайдалансаңыз, USB хабы немесе USB мульти оқу құрылғысы, USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Сандық камераның PTP және MTP протоколдарына қолдау көрсетілмейді.
- USB сақтау құрылғысы оқылып жатқанда, оны шығарып алмаңыз.
- DRM көмегімен қорғалған музыка файлдарына (MP3) қолдау көрсетілмейді.
- USB портын қолдау: 5 В ---, 500 mA.

Зауыттық параметрлерді қолдану

Егер өнім жауап бермесе бұл өнімнің зауытта орнатылған әдепкі параметрлерін қалпына келтіруге болады.

- 1 HDMI ARC режимінде (**HDMI ARC** түймесін басыңыз) алты секунд ішінде қашықтан басқару құралындағы  түймесін екі рет, **Дыбыс деңгейі** - түймесін бір рет басыңыз, содан кейін **BASS** - түймесін басып тұрыңыз.
- ➔ Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру аяқталған кезде бұл өнім автоматты түрде өшеді және қайта іске қосылады.

Дисплей жарықтығын орнату

Осы өнімде дисплейдің басқа жарықтық деңгейін таңдау үшін **DIM** түймесін қайта-қайта басуға болады.

Егер **AUTO OFF** параметрін таңдасаңыз, түйме 10 секунд басылмағаннан кейін ЖД хабары өшеді.

5 Бағдарламалық құралды жаңарту

Ең жақсы мүмкіндіктерді және қолдауды алу үшін бұл өнімді соңғы бағдарламамен жаңартыңыз.

Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру

HDMI ARC көзінде қашықтан басқару құралындағы **TREBLE -**, **BASS -** және **Дыбыс деңгейі -** түймелерін кезекпен үш секунд ішінде басыңыз.

2 HDMI ARC режимінде (**HDMI ARC** түймесін басыңыз) алты секунд ішінде қашықтан басқару құралындағы **🔊** түймесін екі рет, **TREBLE -** түймесін бір рет басыңыз, содан кейін **BASS -** түймесін басып тұрыңыз.

↳ Бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірі дисплей панелінде көрсетіледі.

Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту



Ескерту

- Бағдарламалық құралды жаңарту орындалып жатқанда қуатты өшірмеңіз немесе USB флэш дискісін шығарып алмаңыз, себебі осы өнімді зақымдауыңыз мүмкін.

1 Ең соңғы бағдарламалық құрал нұсқасын www.philips.com/support бетінен тексеріңіз.

- Үлгіні іздеп, «Бағдарламалық құрал мен драйверлер» санатын басыңыз.

2 Бағдарламалық құралды USB флэш дискісіне жүктеп алыңыз.

① Жүктелген файлды мұрағаттан шығарыңыз және мұрағаттан шығарылған қалтаның атауы «UPG» екенін тексеріңіз.

② «UPG» қалтасын түбірлік каталогқа орнатыңыз.

3 USB флэш дискісін осы өнімнің USB қосқышына жалғаңыз.

4 Бұл өнімді HDMI ARC көзіне ауыстырыңыз (**HDMI ARC** түймесін басыңыз).

5 6 секунд ішінде қашықтан басқару құралындағы **🔊** түймесін екі рет, одан кейін **Дыбыс деңгейі +** түймесін бір рет басыңыз, одан кейін **MOVIE** түймесін басып тұрыңыз.

↳ «UPGRADE» (жаңарту) қысқа көрсетіледі, одан кейін жаңарту барысы көрсетіледі.

↳ USB флэш дискісі қосылмаса немесе жарамсыз жаңарту файлы табылса, дисплей панелінде «ERROR» (қате) көрсетіледі.

6 Жаңарту аяқталғанша күтіңіз.

↳ Жаңарту аяқталса, бұл өнім автоматты түрде өшеді және қайтадан қосылады.



Ескертпе

- Жаңартуға шамамен 8 минут уақыт кетуі мүмкін.


6 Қабырғаға орнату

Ескертпе

- Қабырғаға орнатпастан бұрын, қабырғаның осы өнім салмағын ұстап тұра алатынын тексеріңіз.
- Қабырғаға орнату үшін бұл өнім қабырғаға орнату нұсқауларына сай мықтап бекітілуі тиіс. Қабырғаға дұрыс емес орнату сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Қандай да бір сұрағыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бұранда ұзындығы/диаметрі

Осы өнім орнатылатын қабырға түріне байланысты міндетті түрде ұзындығы мен диаметрі сәйкес келетін бұрандаларды пайдаланыңыз.



Бұл өнімді қабырғаға орнату жолын қысқаша бастау нұсқаулығындағы суреттен қараңыз.

- 1) Қабырғада екі тесікті белгілеу үшін берілген қағаз үлгісін пайдаланыңыз, одан кейін екі сәйкес бұранданы тесіктерге салып, бекітіңіз.
- 2) Берілген екі қабырғаға бекіту кронштейнін осы өнімге бекітіңіз.
- 3) Осы өнімді қабырғаға іліңіз.

7 Өнім сипаттамалары

Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар және дизайн ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Күшейткіш

- Жалпы шығыс қуаты: 400 Вт ОКМ (+/- 0,5 дБ, 10% THD)
- Жиілік жауабы: 20 Гц-20 кГц / ± 3 дБ
- Сигнал-шу қатынасы: > 65 дБ (CCIR) / (А-өлшенген)
- Кіріс сезімталдық:
 - AUX: 1900 мВ
 - AUDIO IN: 900 мВ

Дыбыс

- S/PDIF сандық дыбыс кірісі:
 - Коаксиалды: IEC 60958-3
 - Оптикалық: TOSLINK

USB

- Үйлесімділік: Hi-Speed USB (2.0)
- Сынып қолдауы: USB Mass Storage Class (MSC)
- Файлдық жүйе: FAT16, FAT32
- MP3 файл пішімдерін қолдайды

Bluetooth

- Bluetooth профильдері: A2DP, AVRCP
- Bluetooth нұсқасы: 3.0
- Жиіліктер диапазоны/шығыс қуаты: 2400-2483,5 МГц / ≤ 20 дБм
- NFC жиілігі: 13,56 МГц

Сымсыз динамикпен қосу

- Жиіліктер диапазоны: 5740 – 5840 МГц
- Шығыс қуаты: ≤ 14 дБм

Негізгі бөлік

- Қуаттың қамтамасыз етілуі:
 - Үлгі (Philips маркалы айнымалы ток қуат адаптері): DYS902-190473VV
 - Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц, 1,5 А
 - Шығыс: 19В $\approx$, 4,73А
- Сағат көрсетілмейтін күту режимі: $\leq 0,5$ Вт
- Сағат көрсетілетін күту режимі: ≤ 1 Вт
- Өлшемдері (Е x Б x Қ): 1058 x 52 x 120 мм
- Салмағы: 3,65 кг
- **Кірістірілген динамиктер**
 - 6 x silk tweeter динамигі (1", 3 Ом)
 - 2 x silk tweeter динамигі (0,8", 8 Ом)
 - 4 x рейстрек вуфер динамигі (3,5" x 1", 16 Ом)
 - Ортаңғы арна: 2 x рейстрек толық ауқымды динамигі (3,5" x 1", 16 Ом)
 - Алдыңғы/қоршаған арна: 4 x рейстрек вуфер динамигі (3,5" x 1", 8 Ом)

Сабвуфер

- Қуат көзі: 220-240 В~, 50-60 Гц
- Қуатты тұтыну: 60 Вт
- Күту режиміндегі қуат тұтыну: $\leq 0,5$ Вт
- Кедергі: 3 ом
- Динамиктер: 1 x 8" сабвуфер
- Өлшемдері (Е x Б x Қ): 240 x 510 x 302 мм
- Салмағы: 8,9 кг

Қашықтан басқару құралының батареялары

- 2 x AAA-R03-1,5 В

Күту режимінде қуатты басқару

- 15 минут бойы әрекетсіз тұрса, өнім күту режиміне немесе желілік күту режиміне автоматты түрде ауысады.
- Күту режиміндегі немесе желілік күту режиміндегі қуатты тұтыну 0,5 Вт-тан азырақ болады.
- Bluetooth қосылымын өшіру үшін қашықтан басқару құралында Bluetooth түймесін басып тұрыңыз.
- Bluetooth қосылымын белсендіру үшін Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth қосылымын белсендіріңіз немесе Bluetooth қосылымын NFC тегі (бар болса) арқылы қосыңыз.

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Ток соғу қаупі. Өнімнің корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Егер осы өнімді пайдалануды мәселелер бар болса, қызметті сұрау алдында мыналарды тексеріңіз. Егер мәселе әлі бар болса, www.philips.com/support бетінде қолдау алыңыз.

Негізгі бөлік

Бұл өнімдегі түймелер жұмыс істемейді.

- Бұл өнімді қуат көзінен бірнеше минутқа ажыратып, қайтадан қосыңыз.

Дыбыс

Бұл өнімнің динамиктерінде дыбыс шықпады.

- Бұл өнімдегі аудио кабельді теледидар немесе басқа құрылғыларға қосыңыз. Бірақ, мына жағдайда бөлек дыбыстық қосылым қажет емес:
 - Бұл өнім мен теледидар **HDMI ARC** қосылымы арқылы қосылған немесе
 - құрылғы осы өнімдегі **HDMI IN** қосқышына қосылған.
- Бұл өнімді зауыттық параметрлеріне қалпына келтіріңіз.
- Қашықтан басқару құралында дұрыс дыбыс кірісін таңдаңыз.
- Бұл өнімнің дыбысы өшірілгендігін тексеріңіз.

Сымсыз сабвуферден ешқандай дыбыс жоқ.

- Сабвуферді негізгі құрылғыға сымсыз түрде қосыңыз.

Бұрмаланған дыбыс немесе жаңғырық.

- Бұл өнім арқылы теледидардан дыбыс ойнатсаңыз, теледидар дыбысын өшіріңіз.

Дыбыс пен бейне синхрондалмаған.

- Дыбысты бейнемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.

Дисплейден қате туралы хабар көрсетіледі.

- «ERROR» жазуы көрсетілсе, бұл кіріс дыбыс пішіміне қолдау көрсетілмейтінін білдіреді.
- «ARC» жыпылықтағанда, бұл жалғанған теледидар HDMI ARC үйлесімді емес екенін немесе қолдау көрсетілмейтін дыбыс пішімі анықталғанын білдіреді.

Bluetooth

Құрылғыны осы өніммен қосу мүмкін емес.

- Құрылғы осы өнімге қажетті үйлесімді профайлдарды қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясын қоспағансыз. Функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Құрылғы дұрыс қосылмаған. Құрылғыны дұрыстап қосыңыз.
- Бұл өнім басқа бір Bluetooth құрылғысына әлдеқашан қосылған. Қосылған құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысынан дыбыс ойнату сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын жылжытыңыз немесе құрылғы мен осы өнім арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысы тұрақты түрде қосылады және ажыратылады.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын жылжытыңыз немесе құрылғы мен осы өнім арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

- Кедергіні болдырмау үшін Bluetooth құрылғысындағы Wi-Fi функциясын өшіріңіз.
- Кейбір Bluetooth үшін қуатты үнемдеу мақсатында Bluetooth қосылымын автоматты түрде ажыратуға болады. Бұл өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

Dolby Atmos

Ерекше Dolby Atmos әсерін шығара алмайды.


- HDMI емес коннекторлары (мысалы, USB, Bluetooth, OPTICAL және COAXIAL) үшін шектеулі ауқым әсері шығарылады. Үздік Dolby Atmos әсерін алу туралы ақпаратты «Dolby Atmos» бөлімінен қараңыз.

Кассалық және тауарлық
чектердің жапсыру орны

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы*

Модель:	Толтырылуы міндетті
Сериялық нөмір:	Толтырылуы міндетті
Сату уақыты:	Толтырылуы міндетті
САТУШЫ:	
Сауда ұйымының атауы:	Толтырылуы міндетті
Сауда ұйымының телефоны:	Толтырылуы міндетті
Мекенжай және E-mail:	Толтырылуы міндетті



Құралды жарамды күйде, толық жиынтылықта, орыс тіліндегі пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен алдым. Барлық техникалық сипаттамаларымен, атқарымдық мүмкіндіктерімен және пайдалану ережелерімен таныстым. Құрал қаралды және менің қатысуымен тексерілді, сапасы мен сыртқы түріне наразылықтар жоқ. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және кепілдемелік талонда көрсетілген барлық нұсқауды орындауға міндеттенемін және құралдың барлық пайдаланушыларымен орындалуына кепіл боламын. Кепілдік шарттарымен таныстым және келісемін.

(ТАӘ және сатып алушының қолы)

Назар аударыңыз! Сатушы кепілдік талонды толық толтыруын талап етініз!

Кепілдік талон қате немесе толық емес толтырылған жағдайда, сатушының мөрі және сатып алушының қолы қойылмаса жарамсыз болып табылады. Сатып алу туралы қасалық және тауарлық чектер осы кепілдік талонға жапсырылуды тиіс.

Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша

Құрметті Сатып алушы!

Philips сауда белгісінің бұйымын сатып алғаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз

[illegible]

Кепілдіктің мерзімі және шарттары:

	Бұйымның атауы	Көпшілік мерзімі**	Қызмет көрсету мерзімі**
Үй киносағаты.		1 жыл 5 жыл 3 жыл	1 жыл 5 жыл 3 жыл
Стереосаларлық аудиобейне жүйелері, обьективті, биативтілер, тасымалданатын және автоматтандырылған аутоматтық периферия, автокөлік медиаторлықтар, күшейткіштер.		1 жыл	1 жыл
Портативті құрылғылар, тасымалданатын обьективтілер, компьютерлік периферия, автокөлік акустика, және қабылдаушы құрылғылар.		1 жыл	1 жыл
Бұл кәсіподақ тек қана жеке, жанжалдық үй және басқа жұмыс орнындағы тіршілік сыйын алынған және қолданылатын толық идентификациялық құжаттарды жүзеге асырумен байланысты емес құралдар қорғаушылар. Қызмет көрсету мерзімі арнайыланған соң, профпатриоттық жұмыстарды жүзеге асыру және кейіннен, құралды пайдалану жөніндегі кеңестермен толығымен авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Кәсіподақтың қызмет көрсету заңнамасын сақтаумен пайда болған құралмен байланысты келесі жағдайларды қарастырады:			
Орталығына хабарласу өткенді.			
1. Тұтынушы құралмен байланысты пайдалану, сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзу;			
2. Пайдалану жөніндегі нұсқауларға тиісті қолдану ережелерін сақтамау немесе пайдалану;			
3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулардың қарастырылған (егер оларды қолдану құралдың істен шығуына әкелген жағдайында) түрі нұсқаулық емес аксессуарларды және/немесе шығын заттарын қолдану;			
4. Үшінші жақтарға тұлғалардың арқылы;			
• уақитты емес тұлғалармен атқарылған жөндеу жұмысы, өндірісте қайта келетін құрылымдық немесе схема техникалық және бағдарламалық қолдау өзгерістер енгізу;			
• Мемлекеттік Техникалық Стандарттардан (МСТ-Дан) және қорықтар, телекоммуникациялық және желілік сым желілер ауыстырылуы; құралды дұрыс емес орнату және/немесе іске қосу;			
• құралды ток көзінен ажыратпайынша (қаз келген қосу түрлері тек көзі баратын желілерден қосылған құралдарға ұялар арқылы ғана жүзеге асу мәжбүр).			
5. өнердегілік күші сақталған (аят, өрт, найзағай және т.с.с.).			
Өнердегілік, сонымен қатар, шығын заттары мен аксессуарлар, соның ішінде келесілерге шектелмейді: құлақпаңдар, қаттамалар, байланыс сым желілер, әйнектен бұйымдар, ауыспалы шамдар, бағарейкарлар және аккумуляторлар, сақтау жарамды, қолдану мерзімі шектелген басқа бөлшектер жатады.			
РФ Қызмет көрсету орталықтары: Мәскеу қ., І-ші Варшавский дамг., 1а үй, 3 гин.; С. Петербург., Ланское ш., 65 үй. Сізге жақын орналасқан басқа қызмет көрсету орталықтары туралы толығымен ақпаратты, олардың жұмыс уақыты, сонымен қоса, оның туралы ақпаратты Сіз Ақпараттық Орталық келесі телефон нөмірі бойынша ала аласыз:			
Мемлекет	Ресей	Беларусь	Қазақстан*
Телефон	8 800 200 0880 (РФ, соның ішінде ұзылы телефондар арқылы қоңырау шалу тегін), 8 (495) 961-1111 www.philips.ru	8 820 0011 0068 (БР аймағында , соның ішінде ұзылы телефондар арқылы қоңырау шалу тегін)	8 800 080 0123 Қазақстан аймағында , соның ішінде ұзылы телефондар арқылы қоңырау шалу тегін) www.philips.kz
Веб-сайт	www.philips.ru	www.philips.by	www.philips.kz

Өндүрүш куралына, сырткы пишіне, жытына, құрамына, құрастыру енгізу өз кезегіне өзгерістер енгізуге өзі құқығы бар. Өзекті ақпарат өндүрші сайтында қол
сөзді.



Manufactured under license from Dolby Laboratories. Dolby, Dolby Atmos, and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories.



For DTS patents, see <http://patents.dts.com>. Manufactured under license from DTS Licensing Limited. DTS, the Symbol, & DTS and the Symbol together are registered trademarks, and DTS Digital Surround is a trademark of DTS, Inc. © DTS, Inc. All Rights Reserved.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing LLC in the United States and other countries.



The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by Gibson Innovations Limited is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.



The N Mark is a trademark or registered trademark of NFC Forum, Inc. in the United States and in other countries.



Qualcomm aptX is a product of Qualcomm Technologies International, Ltd. Qualcomm is a trademark of Qualcomm Incorporated, registered in the United States and other countries, used with permission. aptX is a trademark of Qualcomm Technologies International, Ltd., registered in the United States and other countries, used with permission.



Specifications are subject to change without notice

The Philips trademark and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. used under license.

Copyright © 2016 Gibson Innovations Limited. Revised Edition © 2017

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.

B8_12_UM_V3.0

